

УДК 657.922

Абылкасимова Жібек Ануарбековна

доктор PhD., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Рамазанова Еркежан Жумагалиевна

2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: Asema.31.1983@mail.ru

КӘСПОРЫННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ*Бұл мақалада Қазақстан Республикасында кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын жетілдіру жолдарының теориялық, әдістемелік, әдіснамалық және тәжірибелік негіздері ашылып қарастырылады**Түйін сөздер: инвестиция, нарық, субъекті, экономика, тұтыну, саясат, экономикалық қатынас.**В данной статье раскрываются теоретические, методические, методологические и практические основы путей совершенствования инвестиционной привлекательности предприятия в Республике Казахстан**Ключевые слова: инвестиции, рынок, субъект, экономика, потребление, политика, экономические отношения.**This article reveals the theoretical, methodological, methodological and practical bases of ways to improve the investment attractiveness of enterprises in the Republic of Kazakhstan**Keywords: investment, market, subject, economy, consumption, politics, economic relations.*

Қазақстан Республикасында тұрақты экономикалық өсуге жету үшін үлкен көлемдегі инвестициялық салымдарды талап етеді. Капитал салымдары, тұтыну деңгейінің ары қарай төмендеуін тудыратын, ішкі көздер есебінен қатаң биімделуді талап етеді, ал, бұл саяси-әлеуметтік түсініктемелерге қолайлы емес. Негізгі өндірістік қорларға сыртқы тікелей инвестицияларды тарту баламалы таңдау болып келеді.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей шетел инвесторларына тек салықтық, кедендік және тарифтік жеңілдіктер жасау жеткілікті тиімді емес. Инвестордың операцияндық территориясын кешенді инфрақұрылымдық жайғастыру шетел капиталын тартудағы өте қажетті шарты болып табылады. Біріншіден, жол және көлік жүйесін, теңіз порттарын, әуежайларды, сумен және энергиямен жабдықтауды, телекоммуникация жүйесін, қоймаларды, логистикалық жүйелерді, тұрғын үй секторларын дамыта бастау керек.

Дамыған және тез дамушы елдер, әсіресе Азиатты – Тынық Мұхиттық аймақ, соңғы 30 – 40 жылда өз елдерін инфрақұрылымдық жайғастыру үшін келісім шарт түрлері бойынша шетел инвестицияларын тез қарқынмен тартқан. Несиелік қарызға алумен ұштастырылған жеке тікелей салымдар жетістікке жету кілті болды. Шетел инвестициялары ҚР–сы үшін сыни болып келеді. Мәселе экономиканы жаңғырту үшін жинақ ақшаның жетіспеушілігінде ғана емес.

Инвестициялық ахуал нарық реформаларының жетілуінің, жеке меншік құқығының тұрақтылығына және елдегі

жағдайға деген дүниежүзілік капиталдың сенім білдіруінің өлшемі болып келеді.

Тек ақшалай салымдарды тарту ғана емес, сонымен қатар, сәйкес салалардағы жұмыс тәжірибесі, нарық білімі, елеулі ресурстарымен және әртүрлі елдердегі кәсіпорындарды басқару бар стратегиялық инвесторларды тарту маңызды. ЖҰӨ қалыптастырудағы нақты өндірістің салалық салымын қамтамасыз ететін, негізгі өндіріс қорларына салынған капиталдар ғана стратегиялық инвестициялар болып саналуы тиіс. Мысалы, пепси–кола өндіретін завод ҚР–ның макроэкономикалық дамуына салым салмайды, себебі, шетелде жұмыспен қамтылуды қамтамасыз етеді және шетел шикізат концентратының өндірісін, тұрлаулы валютаға сатып алып, қаржыландырады. Сонда да, кіріптарлық заводқа салынған инвестициялар пайдалану, өңдеу және отандық мыстың экспортына стратегиялық болып келеді. Сонда, Қазақстандық түсті металлургияға және өңдеуші өнеркәсіптерге капитал салымдары қаржыландырады және ЖҰӨ -ге салым қамтамасыз етіледі.

Шетел инвестицияларының жоғары деңгейімен дамыған нарық эконоикасына негізделетін экономикалық өсу ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі екендігі Қазақстан – 2030 стратегиясында анықталған. Батыс Қазақстан экономикасының нақты секторына инвестициялар өте қажетті, бірақ, өмір сүру деңгейінің төмендігіне орай халықтың ақша жинауға және олардың нвестициялауға мүмкіндігі жоқ.

Шетел және жергілікті инвесторлар қолайлы инвестициялық ахуалды қажет етеді: саяси өкіметтің тұрақтылығы, бизнес туралы тұрлаулы заңдар, тізбекті және ашық салық тәртіптемесі мен үкіметтің бизнеске аз араласуы. Шетел инвестицияларының түсімі Қазақстандағы демографиялық жаңғыртуды жалғастыру және нарық реформаларын дамытуды, аймақтың қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне әсер етеді. Нарықтық экономика жағдайында, мемлекет экономикаға, сонымен қатар, қоғамда болып жатқан әлеуметтік процесстерге әсер ету құралы ретінде пайдаланатын салық негізгі реттеушілердің бірі деген мәнге ие болады. Солай, кәсіпкерлердің бөлек категорияларына жеңілдіктер жасай отырып, қоғамдық өндірістің түрлі салаларына мемлекет әсер ету шамасында, және керісінше, белгілі бір салаға жоғары салықтарды енгізіп, мемлекет ондағы кез-келген кәсікерлік белсенділігін төмендеті алады, тіпті өндірісті тоқтатуға дейін.

Индустриалды-инновациялық секторлар салаларына бюджеттік инвестициялардың бағытталуы – негізгі қызметі несие капиталының ішкі және сыртқы нарығында қаражаттарды, сонымен қатар, экономиканың басымды салаларындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін институционалды инвесторлар қаражаттарын тарту болып табылатын – дамудың мемлекеттік қаржылық ұйымдары арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Мұнай мен газ салаларына салынатын инвестициялар табиғи байлықтарды табуға, мұнай мен газ өндіруге және сатуға мүмкіндік береді, ал, мемлекет бюджеті бұл сатулардан қаражат алады. Бірақта, экологияның нашарлауына, қоршаған ортаның ластануына алып келеді. Шетел инвестицияларын пайдалана отырып, мемлекет реттеуінің дұрыс жүйесінде тек мұнай саласын ғана емес, сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіптерді, құрылыс, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа салаларын, ғылым, мәдениет және білімді де жоғарылатуға болады.

Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатының құрылымдық бөлігі амортизациялық саясат болып келеді. Амортизация нормасын, оның салыну тәртібі мен пайдалануын белгілей отырып, мемлекет ұдайы өндіріс қарқыны мен мінезін және негізгі құралдардың жанару жылдамдығын реттейді.

Қазақстандағы инвестициялық қызметті белсендіру үшін экономикалық, ұйымдатырушы-құқықтық және методикалық сипаттағы шаралар жиынтығын жүзеге асыру қажет.

Экономикалық сипаттағы шаралар:

– импорт алмастырушы бәсекеге қабілетті салалар мен өндірістің әлемдік техноко-технологиялық деңгейін сақтаған салаларды қолдау;

– тұрып қалғандарды тиеу және барлық өндірістік қуаттарды толықтай пайдалану арқылы өндірістің капитал сымсыз өсімінің мүмкіншіліктерін қолдану, біріншіден, бәсекеге қабілетті өнім шығаратындар;

– нақты сектор кәсіпорындарының салықтық жүктемелерін төмендету және салықтық жеңілдіктерді реттеу;

– инвестицияларға жинақ ақшаларды трансформациялау механизмдерін жетілдіру, осы негізде нақты сектордағы инвестициялық қызметті ынталандыру;

– негізгі құралдарды қайта бағалау кезінде олардың нарық құнын анықтау, пайдаланылмаған өндірістік жабдықтарды инвентарлау, меншікке амортизация мен салық салу кезінде кәсіпорын балансынан оны босату, оның тиімді бөлігін шығару және оны пайдалану механизмін дайындау;

– инвестициялық қызметтегі бәсеке ортасын дамыту, капиталдық құрылыс тиімділігін арттыру;

– экономиканың нақты секторына несие ресурстары бағыттауды ынталандырушы деңгейге дейін банктік пайыз мөлшерлемесін біртіндеп төмендету;

– корпоративті қағаздар қазақстандық нарығын қалпына келтіру және оның қатысушыларының санын кеңейту;

Ұйымдастырушы – құқықты сипаттағы шаралар:

– инвесторларға мемлекеттік кепілдіктер жүйесін дамыту мемлекеттің, фирмалардың, жеке тұлға қаржылық құралдарын біріктіруші, кепілдемелік және кепілдік (залог) қорларды құру арқылы ;

– қаржылық лизинг пен ипотекалық несиелеуді дамытуды тездету;

– банктердің арнайы шоттарындағы амортизациялық қорлар құралдарын аккумуляциялау механизмін құру және осы негізде амортизациялық аударымдар пайдалануын бақылауды күшейту;

– инвестициялық сайыс арқылы кәсіпорындар акцияларын сатып алған инвестициялардың міндеттемелерін

орындауды инвентарлау, олардың орындалуын бақылау;

– инвестициялық қызметтің қажетті заңды базасын қалыптастыруды жандандыру;

– приватизацияланған үйлер мен ғимараттар арқылы жерге деген меншік туралы сұрақтарды шешу негізінде кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Методикалық сипаттағы шаралар:

– корпоративті қағаздардың қазақстандық нарық қызметінің құқықтық қамсыздандыруын жетілдіру;

– бағытты программаларды дайындау, қарастыру және мақұлдау процесстерін реттеу, олардың жүзеге асырылуының қаржылық қамтамасыздығы бойынша талаптарын қатаңдату;

– инвестициялық шешімдерді оптимизациялау үшін кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын бағалау бойынша методикалық ұсыныстарды дайындау және пайдалану;

Инвестицияны пайдаланудың көрсеткіштері және оларды анықтау әдістемелері

Инвестициялар экономикалық категория ретінде көптеген маңызды функцияларды атқарады, осы функцияларсыз кез – келген мемлекеттің дамуы мүмкін емес. Макродеңгейде инвестициялар келесілерге негіз болады:

– ұлғаймалы ұдайы өндірістің саясатын жүргізу үшін;

– ғылыми – техникалық прогресті (ФТП) тездету, сапаны жақсарту және отандық өнімге бәсеке қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін;

– қоғамдық өндірісті құрылымдық қайта құру, халық шаруашылығының барлық салаларының теңгермелі дамуы үшін;

– жұмыссыздық проблемаларын жеңілдету немесе шешу үшін;

– табиғи ортаны қорғау үшін;

– әскери - өнеркәсіптік кешенді конверсиялау үшін;

– қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін және басқа көптеген проблемаларды шешу үшін;

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа Жолдауы: «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» // Егемен Қазақстан, 2015 жыл, 18 ақпан.
2. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жалдауы. Бәсекеге қабілетті ұлтқа, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті Қазақстанға // Егемен Қазақстан, 19 наурыз, 2014 жыл.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Жаңа уақыт, жаңа экономика // Егеменді Қазақстан, 2014 жыл, 16 желтоқсан

Абылкасимова Жібек Ануарбековна

Лауазымы: Доктор PhD, «Экономика» кафедрасының меңгерушісі, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Пошталық мекен-жайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шугаев 163

Ұялы. тел: +7 701 786 09 59

Көптеген уақыт бойы экономикалық дағдарыстағы ҚР–дың экономикасы үшін инвестициялар оның тұрақтануы, жандануы мен көтерілуіне қажетті. Өндіріске жаңа технологияларға салынған инвестициялар қатаң бәсекелік күресте (сыртқы және әшкә нарықта) аман қалуға көмек етеді, өз өнімінің бағаларын икемдірек реттеуге мүмкіндік береді, тағы сол сияқты.

Макроэкономикалық ауқымдағы бүгінгі әл – ауқаты кешегі инвестициялар нәтижесі болып келеді, өз кезегінде, еңбек өнімділігімен және одан да жоғары әл – ауқаттың ертеңгі өсуінің негізін қалайды. Біз әрдайым бүгінгі және ертеңгі тұтыну арасындағы таңдауда боламыз. Бүгін өндірілгеннің қаншалықты көп бөлігін біз сақтаймыз және инвестициялаймыз, ертең соншалықты көп мүмкіншілігіміз болады. Керісінше, қаншалықты бүгінгі ресурстарды тұтынуға көп пайдаланамыз, соншалықты ертең қажеттіліктің жоғары деңгейіне мүмкіндігіміз болады.

Инвестициялар микродеңгейде де айрықша маңызды роль атқарады. Бұл деңгейде олар келесі жетістіктерге жету үшін қажет:

– өндірісті кеңейту және дамыту;

– негізгі қордың шамадан тыс моральдық және физикалық тозуын болдырмау;

– өндірістің техникалық деңгейін көтеру;

– нақты кәсіпорын өнімінің бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету және сапасын көтеру;

– басқа кәсіпорындардың активтеріне қаражат салу және құнды қағаздар сатып алу;

Қорытындылай келе олар болашақта кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуін, тұрақты қаржы жағдайын және табысты максималдауды қамтамасыз ету үшін қажет.

Осылай, инвестициялар маңызды экономикалық категория болып келеді және макро мен микро деңгейде маңызды роль атқарады, біріншіден, қарапайым және кеңейтілген ұдайы өндіріс, құрылымдық жаңғырту, табысты максимизациялау және осы негізде көптеген әлеуметтік проблемаларды шешу үшін.

Рамазанова Еркежан Жумагалиевна

Лауазымы: 2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Мәңгілік ел, 11

Ұялы. тел: +77713695637

e-mail: Asema.31.1983@mail.ru

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын жетілдіру жолдары

Абылкасимова Жібек Ануарбековна

Должность: Доктор PhD, заведующая кафедры «экономика», ГУ им. Шакарима

Почтовый адрес: 010008, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Казымукана, 5

Сот. тел: +7 701 786 09 59

Рамазанова Еркежан Жумагалиевна

Должность: магистрантка 2 курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Мәңгілік ел, 11

сот. тел: +77713695637

e-mail: Asema.31.1983@mail.ru

Пути повышения инвестиционной привлекательности предприятия

Abylkasimova Zhibek Anuarbekovna

Position: Doctor PhD, Head of the Department of Economics, State University named after Shakarima

Mailing address: 010008, Republic of Kazakhstan, Astana, st. Kazhymukana, 5

Mob.phone: +7 701 786 09 59

Ramazanova Erkezhan Zhumagaliyevna

Position: 2nd year graduate student, Kazakh Humanitarian Law Innovation University, Semey

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Мәңгілік ел, 11

Mob.phone: +77713695637

e-mail: Asema.31.1983@mail.ru

Ways to increase the investment attractiveness of the enterprise